

"Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 41 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 12 наурыздағы № 74 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 01 сәуірде № 8403 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 862 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 07.12.2018 № 862 (11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңының 25-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 41 бұйрығына ("Егемен Қазақстан" 2010 жылғы 28 тамыздағы № 351-352 (26195) жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6277 болып енгізілген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту ережесінде:

2-тармақтың 3) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) ұлттық стандарттарды әзірлеу және бекіту мерзімдері;

5) ұлттық стандарттарды халықаралық, өңірлік стандарттарының және шетел мемлекеттерінің стандарттарының талаптарымен үйлестіру";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ұлттық стандарттарды әзірлеу және бекіту мерзімдері;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жоспар мен Бағдарламаны техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органы (бұдан әрі - уәкілетті орган), мемлекеттік органдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің, ғылыми-техникалық, инженерлік және қоғамдық бірлестіктердің, Қазақстан

Республикасының жеке және заңды тұлғаларының ұсыныстары негізінде Қазақстан Республикасының экономика салаларының қажеттіктерін есепке алып, қолданыстағы нормативтік құжаттарға алдын ала талдау жүргізу негізінде техникалық регламенттерге дәлел қор қалыптастыру және дамыту және техникалық реттеу бойынша мүдделі субъектілерді (өнім өндірушілер, тұтынушылар) қатыстырып ұлттық стандарттарды әзірлеу қажеттіліктерін есепке ала отырып қалыптастырады.";

7-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жоспарға ұлттық стандарттардың мынадай түрлері мен стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттар кіреді:";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасы техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштері;";

көрсетілген Ереженің 1-қосымшасында:

"Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарына өтінім – ұсыныстар" деген кестеде:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық стандарт жобасының атауы Жұмыс түрі";

2 және 3-қосымшалар осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р.А. Сәтбаев) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

орынбасары - Қазақстан

Республикасының Индустрия

және жаңа технологиялар

министрі Ә.Исекешев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы Индустрия

Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспарына өтінім – ұсынысқа техникалық–экономикалық негіздеме

жұмыс түрінің атауы мен стандарт атауы

Техникалық–экономикалық негіздеме мыналардан тұруы керек:

стандарт жобасын әзірлеу қажеттілігі, өзектілігі, мақсатқа сәйкестігі және әзірленетін стандарттау нысанына қойылатын талаптарды белгілеу қажеттілігі туралы мәліметтер, оларды нақты негіздемеден (бұл жағдайда әзірленетін стандарт өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, Қазақстан Республикасы дайындаушы мен тұтынушысын қорғауға бағытталғаны туралы мәліметтер, сондай-ақ дайындаушы мен тұтынушының әзірленетін стандарттау объектісіне мүдделілігі туралы мәліметтер берілуі керек);

стандарттау объектісінің жағдайы туралы мәліметтер мен оның сипаттамасы; өткізілген ғылыми-зерттеу жұмыстар, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және алынған нәтижелер (болған жағдайда) туралы мәліметтер;

стандарттау объектісінің қазіргі заман талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер;

стандарттау объектісінің халықаралық, өңірлік стандарттау және өзге мемлекеттердің ұлттық стандарттар талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер;

осы стандарттау объектісіне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжаттардың болмауы немесе оларды қайта қарау қажеттігі туралы мәліметтер;

балама техникалық құжаттар қолданылу кезінде ұлттық стандартты әзірлеу негізділігі туралы мәліметтер (мысалы МЕМСТ қолданылатын жағдайда ҚР СТ әзірлеу); осы стандарттау объектісіне қатысты ұлттық стандарттарды, халықаралық, мемлекетаралық стандарттарды талдау туралы мәліметтер;

стандарттау объектісінің стандарттаудың өзге объектілерімен өзара байланысы және олармен әзірленіп отырған стандарт өзара байланысты болуы керек қолданыстағы нормативтік құжаттарды талдау туралы мәліметтер;

ұлттық стандарттау әзірлеумен байланысты стандартты және (немесе) өзге нормативтік құжаттарды болжамды жою туралы ақпарат.

(Орындаушы ұйым (жеке қолы) (Тегі, Аты және Әкесінің аты,
басшысының (басшы болған жағдайда)
орынбасарының) лауазымы,
ұйым атауы) _____ М.О. _____

(орындаушы лауазымының (жеке қолы) (Орындаушының Тегі, Аты және
атауы) Әкесінің аты, болған жағдайда)

(орындаушы телефоны)
" ____ " _____ 20__ жыл.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы Индустрия
және жаңа технологиялар министрінің
2013 жылғы 12 наурыздағы № 74
бұйрығына
2-қосымша
Мемлекеттік стандарттау
жөніндегі жұмыс жоспарлары
мен бағдарламаларын әзірлеу
және бекіту ережесіне
3-қосымша
нысан

Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыс жоспары

№ р/ с	Тапсырма (тақырып) коды	Ұлттық стандарт жобасының атауы Жұмыс түрі	Әзірлеменің мақсаты (негіздеме)	Қаржылан дыру көзі	Жұмыстарды орындау мерзімі		Орындаушы ұйым
	МСЖ коды (МК (ИСО/ ИНФО МКС) 001 - 96) бойынша				Әзірлеуді бастау	Жобаның қорытынды басылымын уәкілетті органға бекітуге ұсыну	
1	2	3	4	5	6	7	8
1-бөлім Экономика секторларында ұлттық стандарттарды әзірлеу							
2-бөлім Қазақстан Республикасының ұлттық жіктеуіштері							
3-бөлім Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық бағдарламалар шеңберінде стандарттар әзірлеу							

Ескертпе:

1. 1-бағанда әзірленетін құжаттың реттік нөмірі көрсетіледі.
2. 2-бағанда стандарттардың мемлекетаралық жіктеуіші МЖ (ИСО/ИНФКО МКС) бойынша код көрсетіледі.
3. 3-бағанда әзірленетін құжаттың атауы мен белгісінен кейін жұмыстардың мынадай түрлері көрсетіледі:
 - "ҚР СТ... әзірлеу" (жаңа құжаттар үшін).
 - "ҚР СТ/Қаз ССК РСТ...орнына" (ҚР СТ немесе ҚазССР РСТ қайта қараған жағдайда).
 - "ОСТ...орнына" (ОСТ ҚР СТ сатысына аударған жағдайда).
 - "ҚР СТ... өзгеріс".
4. Халықаралық стандарттарды тікелей қолданған жағдайда жұмыс түрінен кейін жақша ішінде қолданылатын ҚР СТ (ҚР СТ/ИСО..., ҚР СТ/МЭК...) белгісі көрсетіледі.
5. 4-бағанда жұмыстардың басым бағыттары мен әзірлеу үшін негіздеме (Үкімет және мемлекеттік органдардың тапсырмасы, өзектілігі, халықаралық стандарттармен үйлестіру және т.б.) көрсетіледі.

Ескертпе: Тапсырма коды (тақырыптар) СМЖ (МЖ (ИСО/ИНФО МКС) 001 - 96); Тапсырма коды (тақырыптар) Мемлекетаралық стандарттар жіктеуішінің коды (ИСО/ИНФО МКС) Халықаралық жіктеуіштер.